

Үлкен тарих алдында – өлке тарихын білген жөн болар

Тарих адамзат баласының өткенін зерттейтін қоғамдық ғылым және үздіксіз даму үстінде болатын ғылым. Бұл ғылымның маңызы өте зор, себебі өткенін білмейінше қазіргі және болашақ дамуды білу, бағалау мүмкін емес. «Тарихсыз – халық жоқ» деген нақыл сөзге «Тарихсыз болашақ жоқ» - деген сөз қосар едік. Тарих болған я болып жатқан оқиғаларды терең зерттеу арқылы, болашаққа дұрыс қадам жасауға жәрдемдеседі.

Өлкетану тарихтың құрамдас бөлігі болып табылып, белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, мәдениетін тағы басқа салаларын зерттейтін ғылым.

Бұл орайда тарихи өлкетануға басқа қоғамдық, гуманитарлық, техникалық, жаратылыстану ғылымдарының шекарасы шектеу болмайды.

Өлкенің тарихын білу «Қазақтың жеті атаңды біл» дегендей болу керек. Себебі күнделікті қаланың көшелерімен жүргенде көшелердің аттары, түрлі мәдени, әлеуметтік, діни, сауда-саттық ғимараттардың атаулары өлкенің тарихын білуіне сені сынағандай болып көрінеді. Сол атаулардың осы ғимараттарға не себепті берілгенін өзіңе білуді міндет қылып қойсаң өзіңнің өлкеңнің тарихының көптеген беттерін өзің үшін жаңалық есебінде ашасың.

Кеңестік дәуірде өлке тарихы оқытылсада негізінен Кеңестік дәуірдегі өлке тарихы оқытылды, ондада көптеген беттері бұрмаланып айтылса, көптеген беттері жабулы қазан есебінде қалып отырды. Қазақстан егемендігін алған кезеңнен бері өлкетану ғылымына ерекше назар аударылып қазақтың ежелден келе жатқан тарихы жан-жақты зерттеліп өзінің әділ бағасын ала бастады.

Үкімет тарапынан Қазақстан тарихын зерттеу, пәннің мәртебесін көтеру туралы шешімдері Қазақстан тарихы веб-порталының ашылуы, мен онда Қазақстан тарихына, өлке тарихына байланысты мақалаларды жариялаудың қол жетімдігі, өлкетану пәнінің алдыңғы қатарға шығуына, өлке тарихына байланысты көптеген зерттеулердің жұртшылыққа танымал болуына жағдай жасады. Осы орайда еліміздің патриоттарын жас кезінен тәрбиелейтін, қалыптастыратын ортасы мектептерге ерекше көңіл бөліп, мектептерді оқушымыздың өлке тарихынан негізгі мағлұмат алатын ортасына айналдыру керек. Бұл бағытта оқушылармен облысқа, қалаға танымал зерттеушілердің бас қосулары ерекше орын алады. Бір ғана мысал 2014 жылы 20 қазанда Қызылорда қаласындағы №136 Темібек Жүргенов атындағы мектеп оқушыларының Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары Айтжан Жұмабайұлы Оразбақовпен және Темірбек Жүргенов атындағы қоғамдық қордың төрағасы Аңсат Сәби Әбдіқадірұлымен кездесу барысында мектеп оқушылары өздерінің оқып жатқан мектептерінің қандай адамның есімімен аталғанын, оның Қазақстанның өрлеуіне қандай үлес қосқанын ғана біліп қойған жоқ,

сонымен қатар Темірбек Жүргенов кезеңіндегі Қазақстан, КСРО аймағындағы саяси жағдаймен, әлеуметтік-экономикалық өрлеумен танысып осы кездесуден туындайтын, оқушылардың ойындағы көптеген қызықты мәліметтерге жауап алды. Осы кездесу барысында мектеп оқушыларының бойында мектебіне деген сүйіспеншілігі артты деуге болады.

Қазіргі кезде оқушылар ғылыми жұмыспен айналысқан да көп жағдайда еліміздің өткен тарихынан тақырып алуға тырысады. Не себепті деп сұрасан бұл кісінің, бұл оқиғаның болғаны туралы көп айтылып жүр, бұрын басқаша көзқараста зерттелген, осыны қайта зерттеп ашқым келеді және осыған қатысты құжаттар көп яғни зерттеу оңай болады дейді. Бұл әрине құптарлық жағдай, бірақ жеңіл жол іздемей, шындығында қызықты болатын, өлкенің тарихының ақтаңдақ я көрінбейтін бетін ашып көрсету құптарлық іс-шара болар еді.

Осы орайда осы күнгі халықтың тұрмысы, үкімет пен елбасының жүргізіп жатқан жұмыстары, Республика, облыс, аудан, ауыл төңірегінде жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы зерттеулер жүргізу өте маңызды іс-шара болып табылады.

Ескіні қопарып, болған, бояуы сіңген оқиғаларды қайта қарап көптеген жаңалықтар ашуға болады. Ал қазіргі болып жатқан үрдістерге талдау жасаса, оның өмірімізге керегі бар ма, жоқ па болашағы қалай болады деген сұрақтарына жауап беріп, өңірдің бұл үдеріске бағасын, пайдасын зерттеу барысында ашып берсе, өңірде болып жатқан, аяқталмаған ұзаққа созылатын іс-шараларға керек болса өзгертулер мен толықтырулар енгізуге септігін тигізер еді. Бұл бағытта жұмыс істегендер, журналистер сияқты күнделікті проблемаларды талқылап, журналистика саласына өз үлесін қосар еді. Өлкетану мамандығының осыдан шекарасы жоқ екенін көруге болады.

Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр бойынша біз дүние жүзінің тарихын, Қазақстан тарихын оқимыз. Осы орайда оқушы бірінші кезекте өз туған өңірінің тарихын білу керек деген тұғырдан қарап мектепте «Өлкетану» курсы енгізіп, бұл пәнді жүргізуді тарихқа, географқа, зоологқа, ботаникке тағы басқа өңір тарихына байланысты мағлұмат беретін ғылымның әр саласының мұғалімдеріне жүктеу керек деп ойлаймын, бұл әрине күрделі және жұмысты көп қажет ететін процесс, бірақ пәннің жауапкершілігін бір мұғалімге артайын деген оймен емес, оқушы өз өлкесі туралы жан-жақты мәліметті өз саласының маманынан алсын деген оймен беру керек. Осы орайда «Өлкетану» пәнін факультативтік я үйірме пәні есебінен шығарып, негізгі пәндер қатарына қосу керек.

Қазақта «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген мақал бар. Ал өзінің өлкесінің тарихын, жерінің аттарын, белгілі есімдерін білмегендерді кім дейміз. Үлкен тарихты білер алдында, өзіміздің кіші Отанымыздың, өлкеміздің тарихын білгеніміз жөн болар еді. Ондада ол атаудың атын біліпқана қоймай, шығу себебін, еліміздің өркендеуіне қосқан үлесін, не

себепті өлкемізде бұны қадірлейтінін білуіміз керек, құдай қаласа ертеңгі өмір соқпағымызда керек болып қалар.

Г.Ж. Байсалбаева